ҒТАМР 67. 07.09
ӘОЖ 72.03:745/749
DOI 10.47940/cajas.v11i2.1244

# ARCHITEKTONIKA «ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ» ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИ ЖАҢҒЫРУЫ АРХИТЕКТУРАСЫНЫҢ ПРОТОТИПТІК МОДЕЛІ







**Арынов Қалдыбай**[1], **Дүйсебай Есболат**[1]
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Астана, Қазақстан)

**Аңдатпа.** Бабаларымыздың философиялық дүниетанымы негізінде қалыптасқан дәстүрлі қолөнердің эстетикалық тілі цифрлық дәуірдегі Қазақстан сәулет өнерінің көркемдік семантикасын қалыптастырудың маңызды негізі болып табылады. Зерттеу нәтижелері халықтың өмір сүру ортасы оның дүниетанымы мен мәдени құндылықтарынан туындайтынын дәлелдейді. Осы тұрғыда Қоянды жәрмеңкесі (1848–1930) ұлттық өнердің, тұрмыс мәдениеті мен кәсіпкерліктің өркендеу ортасы ретінде когнитивтік тұрғыдан зерделеніп, ұлттық дәстүрге негізделген заманауи сәулеттік модельді қалыптастырудың қайнар көзі ретінде қарастырылды. Қоянды жәрмеңкесінің әлеуметтік-мәдени және бизнес-коммуникативтік кеңістігінің моделі цифрлық архитектурадағы бейнелік-эстетикалық семантиканы, жаңа тұрмыс мәдениеті мен бизнес технологияларын дамытуға негіз болды. Зерттеу Ұлы дала өркениетінің дүниетанымдық қағидаларына сүйене отырып, қазақ сәулет өнерінің ұлттық көркемдік тілін қалыптастыруға және оның бірегей эстетикалық бейнесін нығайтуға бағытталған. *Мақаланың мақсаты* Ұлы дала өркениетінің философиялық дүниетанымы мен дәстүрлі қазақ қолөнерінің эстетикалық-мәдени құндылықтарының Қазақстанның заманауи сәулетіндегі семантиканы қалыптастырудағы рөлін айқындау. *Зерттеудің міндеттері* Қоянды жәрмеңкесінің тарихи-мәдени және кеңістіктік ерекшеліктерін зерделеу негізінде Қазақстан сәулетінің ұлттық көркемдік тілінің тұжырымдамалық моделін әзірлеу. Зерттеуде тарихи-салыстырмалы, тарихи-генетикалық, мәдениеттанулық, философиялық және семиотикалық талдау *әдістері* қолданылды. Қоянды жәрмеңкесінің тарихи деректері, сәулеттік мұра нысандары мен дәстүрлі қолөнер үлгілері негізінде олардың мәдени-символдық мазмұны және қазіргі цифрлық архитектураның көркемдік семантикасына ықпалы кешенді түрде бағаланды. *Зерттеу нәтижесінде* қазақ халқының дәстүрлі философиялық дүниетанымы мен қолөнер мәдениетінің эстетикалық қағидалары қазіргі Қазақстан сәулет өнерінің ұлттық көркемдік тілін қалыптастырудың теориялық негізі екендігі айқындалды. Дәстүрлі қолөнердің өрнек, пішін және символдық мазмұны ұлттық мәдени кодтың

құрамдас элементтері ретінде қарастырылып, олардың заманауи сәулеттік жобалаудың көркемдік семантикасын қалыптастырудағы маңызы негізделді. Жәрмеңкенің тарихи-мәдени мұрасы талданып, оның дәстүрлі қазақ қоғамындағы мәдени коммуникация, кәсіпкерлік және қоғамдық кеңістікті дамытудағы рөлі айқындалды.
***Түйін сөздер:*** Ұлы дала өркениеті, Қоянды жәрмеңкесі, халық кәсіпшілігі, сәулет өнері, когнитивті түсінік, дәстүр.

***Дәйексөз үшін:*** Қалдыбай, Арынов және Есболат Дүйсебай. «Architektonika «Қоянды жәрменкесі» Қазақстан мәдени жаңғыруы архитектурасының прототиптік моделі». *Central Asian Journal of Art Studies,* Vol. 11, No. 2, 2026, pp. 237–255, DOI: 10.47940/cajas.v11i2.1244

***Алғыс:*** Авторлар мақаланы жариялауға дайындауға көмектескені үшін «Central Asian Journal of Art Studies» редакциясына, сондай-ақ зерттеуге назар аударғаны және қызығушылық танытқаны үшін анонимді рецензенттерге алғыс білдіреді.

*Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдеді.*



## Кіріспе

Заманауи сәулет өнерінің тілі бабаларымыздың философиялық дүниетанымы негізінде қалыптасу қағидасы жаһандану заманына тиесілі туындаған үрдіс және әрбір ұлттың мәдениетін сақтау мен дамыту құралы. Осы тарихи талаптың іске асуы міндеті, ол дәстүрлі қолөнердің эстетикалық тілі цифрлы замандағы Қазақстан архитектурасының көркемдік семантикасының арқауын құрауына тікелей байланысты. Сәулет өнерінің құнды туындылары әр заманда сол елдің мәдениетіне тікелей байланысты болу заңдылығы жалпы адамзат өркениетінің тарихи көрінісі және осы өнердің құндылығы екендігі мамандарға белгілі (Яралов 210-219). Ұлт мәдениетінің дербес дамуынан жаңа архитектуралық тіл туындап сол мәдениеттің дамуына себепші болады, ал жаңа сападағы мәдениет сәулет өнерін тиісті сатыға көтереді. Мәдениет пен сәулет өнерінің бірін-бірі туындай даму заңдылығы біздің зерттеулердің ғылыми негізі және заманауи қазақ архитектурасын дамытудың шығармашылық құралы (Флиер 48).

Заманауи техносфераның мүмкіндіктерін ескере отырып, зерттеудің негізгі мақсаты — оның негізгі компоненттерін — этникалық және ландшафттық үйлесімділікке негізделген бабалар дүниетанымындағы «ежелгіге оралу» қағидаттарын зерделей отырып, дәстүрлі мәдениет аясында жасанды өмір сүру ортасы — сәулеттің жаңа дамуына қол жеткізу. Лев Гумилевтің айтқанындай: «…Бір нәрсе анық — Жер бетінде этникалық топтан тыс бірде-бір адам жоқ.…этногенездің табиғаты адамзаттың әлеуметтік тарихының ырғақтарынан айтарлықтай ерекшеленеді. Осы тәсілмен адамзаттың табиғатпен өзара әрекеттесу механизмінің контурлары айқындалады деп үміттенеміз» (22).

Қазақстан сәулеті халықтың этномәдени дамуы және ғасырлар бойы көшпелі қауымдастықтардың өмір салтын, дүниетанымын және кеңістіктік ойлауын қалыптастырған далалық ортаның ерекше сипатымен тығыз байланысты дамыды. Қазақтардың сәулеттік және кеңістіктік ойлауының дамуы Ұлы Дала көшпелі мәдениеті аясында орын алды, мұнда кеңістік шектеулі және жабық құрылым ретінде емес, ашық, үздіксіз және динамикалық орта ретінде қабылданды (Федоров-Давыдов 102-124).

Сәулет өнері негізінен стационарлық және монументалды орта ретінде дамыған отырықшы өркениеттерден айы-

рмашылығы, қазақ мәдениетінің сәулет дәстүрі мобильділік, бейімделу және символдық байлық қағидаттарына негізделген. Көшпелі мәдениетті қала мәдениетінен «төмен» деп санауға болмайды, себебі ол көркемдік және кеңістіктік ой толғаудың басқа, бірақ одан кем емес күрделі түрін қалыптастырды, онда сәулет туындысы ландшафтқа *үстемдік* құрылым ретінде емес, табиғатпен тұтас әлеуметтік-мәдени жүйенің үйлесімді бөлігі ретінде дамыды (Малиновская).

Зерттеу нәтижелері ұлттық мәдениет пен шығармашылық әлеуетті заманауи сәулетке кіріктіру қоғамдық сананы жаңғыртуға және Қазақстан сәулетінің ұлттық семантикасын қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетті. Осы тұрғыдан Қоянды жәрмеңкесі (1848—1930) көшпелі қазақ қоғамындағы ұлттық өнердің, тұрмыс мәдениетінің, қолөнердің және кәсіпкерліктің даму деңгейін айқындайтын тарихи-мәдени феномен әрі көшпелі өркениеттің әлеуметтік-мәдени тәжірибесінің маңызды көрінісі ретінде қарастырылады (1-сурет).

Тарихи дерек көздері бойынша, 1848 жылы Қарқаралы станицасынан 52 шақырым қашықтықтағы Қоянды деген жерде айырбас сауда орталығы ашылды. Алғашында оның аумағы 2 шаршы шақырым ғана еді. Кейіннен осындағы Талды даласы түгелдей қайнаған қызу сауда алаңына айналып кетті. Жәрмеңке ұзындығы 11 шақырым, ені 5 шақырымды алып жатты. Талды өзенінің бойында орналасуының басты себебі, сатуға әкелінген малды уақытша жаюға жері құнарлы суы




1 сурет. Қоянды жәрмеңкесі.

мол, шөбі шүйгін. *1869 жылы 12 қыркүйекте Батыс Сібір Бас басқармасының кеңесі Қоянды жерінде жыл сайын 15 маусымнан 15 шілдеге дейін жәрмеңке ұйымдастыруды бекітеді.* Осы орайда, жәрмеңке комитеті сату малын жаюға 55 шақырым жер бөлген. Қоянды жәрмеңкесі жылдан жылға күшейе түседі. *1872 жылы Қояндыда жоспарсыз, жобасыз сауда орындарын көптеп салу қолға алынды. 1876 жылы отыз дүкен, 700 киіз үй болған* (Аян Аден 1-3).

Бұл тарихи мысал ұлттық өнер мен дәстүрге негізделген жәрмеңке қоныс жүйесін құру моделін зерттеуге құнды мәдени деректер мен мобильді көрме орталығын жоспарлап құру әдісін көрсетті. Біздің зерттеулердің ішінде, Қоянды жәрмеңкесі туралы тарихи деректер мен қазақ даласының бай ландшафтында мобильді, зор территорияда жоспарлы жайғасқан болашақ көрме-сауда орталығының моделі ретінде қабылданды.

Осы моделді зерттеу нәтижелері, көшпенділер дәстүрінің мәдени-әлеуметтік нәтижесін заманауи сәулет архитектоникасын пайымдауға, мобильды қоныс аймағын құру мен құрмалы-жинималы көне сәулеттік қағиданы цифрлы технология түрінде игеруге жол ашты.

Бұл зерттеулерде «көшпенді» және «мобильділік» терминдері және олардың тұжырымдамалық айырмашылығы дәстүрлі мен қазіргі заманды анық ажырататын семантика жүйесінің бөлігі ретінде қарастырылды. Атап айтсақ, «мобильділік» пен «көшпенді» терминдері заманауи өмір сапасының әлеуеті қағидасының ортақтығын, өзектілігін және дүниетанымдық сабақтастығын көрсетеді. Сонымен қатар, олар дәстүрлі қазақ болу заманауи болуға қайшы келмейтін болмыс формасы екендігін айқындайды (Аужанов, Кобдабаев 1-3).

## Зерттеу әдістері

Зерттеу әдіснамасы сәулет өнерін ұлттық мәдениеттің қалыптасуымен және этномәдени жүйелердің дамуымен сабақтас

құбылыс ретінде қарастыруға негізделген. Зерттеу пәнаралық сипатқа ие болып, сәулеттану, археология, этнография, мәдениеттану және инженерлік ғылымдардың теориялық қағидаларын біріктіреді.

Жұмыста жүйелі-аналитикалық және құрылымдық әдіснамалық тәсіл қолданылды. Зерттеу барысында дедуктивтік, тарихи-салыстырмалы, тарихи-генетикалық, мәдениеттанулық, философиялық және семиотикалық талдау әдістері пайдаланылды. Сонымен қатар, талдау, салыстыру, сипаттау, жалпылау және модельдеу сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Әдіснамалық негізді сақ-скиф, ежелгі түркі және қазақ мәдениетінің этногенезі мен мәдени сабақтастығына арналған іргелі ғылыми еңбектер құрады. Зерттеуде мәдени мұраның динамикалық және тұрақты элементтері сараланып, олардың сәулеттік семантика мен ұлттық көркемдік тілдің қалыптасуына ықпалы бағаланды.

Эмпирикалық база ретінде Қоянды жәрмеңкесінің тарихи материалдары, сәулеттік мұра нысандары, дәстүрлі қазақ қолөнері үлгілері және олардың көркемдік-символдық ерекшеліктері пайдаланылды. Алынған деректер этномәдени дәстүрлерді *цифрлық технологиялармен ықпалдастыру* негізінде Қазақстан сәулетінің заманауи ұлттық семантикасын қалыптастыру тұрғысынан кешенді талданды:

*Бағдарламалық жасақтама әдісі* — компьютерлік алгоритмдер негізінде сәулеттік пішіндерді болжауға және динамикалық, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйелердің параметрлерін модельдеуге мүмкіндік береді.

*Параметрлік модельдеу әдісі* — геометриялық параметрлер мен көпбұрышты модельдер негізінде сәулеттік пішіндерді қалыптастыру және оңтайландыру үшін қолданылды. Бұл әдіс әртүрлі жобалық шешімдерді жедел бағалап, олардың тиімділігін салыстыруға мүмкіндік береді.

*Морфинг әдісі* (бейімделгіш әдіс) — бағдарламалық сценарийлер (scripts) арқылы сәулеттік объектілердің пішінін кеңістіктік түрлендіруді қамтамасыз етеді. Әдіс бастапқы және мақсатты модельдер арасындағы үздіксіз морфологиялық трансформацияны жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

*Топоаналитикалық әдіс.* Үш өлшемді силуэт алу үшін объективті деректерді сандық форматқа түрлендіру.

Эмпирикалық жалпылау мен вербалды модельдеу нәтижелері эскиздер, дизайн-жобалар және эксперименттік сәулеттік үлгілер түрінде материалдандырылып, кешенді талдаудан өткізілді. Жобаның негізгі мақсаты — мәдени-тарихи мұраны шығармашылық тұрғыдан жаңғырту және мәдени генезистің кеңістіктік-уақыттық заңдылықтарын сәулеттік жобалауда ғылыми негіздеу. Эксперименттік 3D-дизайн этномәдени дәстүрлерді цифрлық технологиялардың заманауи мүмкіндіктерімен ұштастырып, қазақстандық сәулет өнерінің жаңа көркемдік бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің эмпирикалық базасын әдеби дереккөздер, музей қорларындағы дәстүрлі қолөнер үлгілері, заманауи шеберлердің туындылары және жаңа цифрлық ақпараттық ресурстар құрады. Сонымен қатар, ұсынылған сәулеттік модельдерді бағалау мақсатында мәдениеттанушылар, этнологтар, антропологтар және сәулетшілер арасында сараптамалық сауалнама жүргізілді.

Қоғам құндылықтарды қайта бағалаған кезде, кейбір заттар уақытша ұмытылғаннан кейін де құндылыққа ие болып, құнды бола алады. Ата-бабаларымыздың рухани дүниетанымы, олардың көркемдік, графикалық ою-өрнек тіліне негізделген эстетикалық өзін-өзі көрсету принциптері қайта жаңғырып, қасиеттілікке ие болуда.

Құрылымдық, аналитикалық және еркін, түсіндірмелік зерттеу әдістерінің үйлесімі мәдени жүйенің элементтері арасында семантикалық байланыстарды орнатып, мәдениет тілін түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ ою-өрнек өнерінің лингвистикасы сәулет өнерінің көркем бейнесін кеңістіктік модельдеуде әдістемелік тұрғыдан пластикалық тіл ретінде пайдаланылды.

## Талқылау

Жоба аясында білім беру, өндіріс және бизнесті интеграциялаудың біртұтас жүйесі ретінде оның табысты жұмыс істеуін анықтай отырып, өңірлік кәсіптік жүйесі тиімділігін арттыру үшін келесі сәулеттік-жоспарлау тетіктері қарастырылды:

— көне дәстүрлер, қолөнер мен мәдениет сақталуының кепілі саналатын ауылдық аймақ қоныстану жүйесі;

— XXI ғасыр мәдениет дамуының болмысы — сәулет туындыларын табиғи ортамен үйлестіруге бағытталған тұжырымдамалар;

— қоғамның этномәдениет генезисі, дәстүрлі қолөнер эстетикалық тілі, мен заманауи сәулет өнері семантикасы сабақтастығы;

— Қазақстанның қоныстану құрылымында қала құрылысы теорияларына сай білім, өндіріс және бизнесті біріктірудің сәулеттік моделі;

— Халық кәсіпшілігі оқу өндірістік орталықтарының (ХҚ ОӨО) жалпы даму желісінің жобалық және архитектуралық семантикасы мен жүйесін ұсыну.

Бұл мақалада, ірі қалалық агломерациялар, өнеркәсіптік аймақтар және өндіруші өнеркәсіп орындарының заманауи мәселелеріне үңілмей, көне дәстүрлер, қолөнер мен мәдениет сақталуының кепілі саналатын ауылдық аймақ дамуының тарихи және заманауи жаһандық мәселелері қарастырылды.

Көптеген ғылыми зерттеулер бойынша (Масанов 32), көшпенділердің тарихи тәжірибесіне сәйкес, біздің ата-бабаларымыз қоғамдық өндіріс түрлері үшін ландшафттың географиялық сипаттамалары мен әрбір экологиялық аймақтың ресурстық әлеуетін экономикалық дамуда тиімді пайдаланғанын көрсетеді.

*1. Көне дәстүрлер, қолөнер мен мәдениет сақталуының кепілі саналатын ауыл-аймақ қоныстану жүйесінің дамуы.*

Көшпенділер өркениетінің мәдени-әлеуметтік дамуының деңгейін Қоянды жәрмеңкесінің тарихи моделі айқын көрсетеді. 1876 жылы жәрмеңкеде 30 дүкен мен 120 киіз үй болса, 1883 жылы олардың саны тиісінше 110 және 250-ге, ал 1890 жылы 247 дүкен мен 1000 киіз үйге жетті. 1889 жылы телеграф желісі тартылып, 1894 жылы банк бөлімшесі ашылды. Нәтижесінде Талды жазығы ірі сауда орталығына айналып, жәрмеңке аумағы 11×5 шақырымды қамтыды. Оның Талды өзені бойында орналасуы сатуға әкелінген малды жайылыммен және сумен қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты болды. Осы мақсатта жәрмеңке комитеті мал жаюға 55 шақырымдық аумақ бөлген (Аян Аден, 1—3).

Осы тұрғыда табиғатпен өзара әрекеттесу дәстүрінің Совет заманында бұзылуынан туындаған Қазақстанның жақын тарихындағы қайғылы әлеуметтік тәжірибесін атап өткен жөн. «Бүкілодақтық Коммунистік партияның (большевиктердің) қысқа курсында» айтылған географиялық нигилизм және отырықшы көшпенділердің ықтималдық тұжырымдамасы демографиялық апатқа әкелді. Ұжымдастыру дәуірінде (1930 жылдар) миллиондаған көшпенді қазақтардың малы тәркіленген кезде мал да, халық та аштыққа ұшырады. Кеңес дәуірінде қоныс аудару мәселелерінде әртүрлі «ерікті» эксперименттер бүкіл Ұлы Далада жалғасты (Масанов 85). Арқа төсінде 82 жыл дүрілдеген Қоянды жәрмеңкесі үлкен нәубет алдында 1930 жылы біржолата жабылды. 1930 жылы жәрмеңкенің құрылыстары жаңадан құрылған колхоздарға берілді.

Қазіргі кезеңде Қазақстан сәулетінің негізгі даму бағыттарын әлемдік сәулет үдерістері мен дәстүрлі кеңістіктік мәдениеттің сабақтастығы негізінде айқындау өзекті болып табылады (2-сурет). Бұл ұлттық қолөнердің көркемдік қағидаларын постиндустриялық қоғам талаптарына бейімдеп, заманауи сәулеттік семантиканы қалыптастыруды көздейді. Осы тұрғыдан Қоянды жәрмеңкесі сауда орталығы ғана емес, сонымен қатар өңіраралық экономикалық байланыстарды, халық өнері мен



2 сурет. Қазақ ою-өрнегі киіз үй ішінің масштабы келіскен сымбаты, мағаналы сән-салтанаты.

мәдениетін дамытуға ықпал еткен маңызды әлеуметтік-мәдени кеңістік ретінде қарастырылады. Ол қалың қазақ қауымының бас қосатын, халық өнерін насихаттаудың орталығы болды. Арқа өңірінің небір тарландары жиылып, өнер сайысын ұйымдастырып, жәрмеңкені қыздыра түскен. Жалғыз өзіміздің жерден ғана емес әншілер, палуандар, цирк әртістері Қытай, Ресей, Жапониядан да келген
(Аян Аден 2).

«Қоянды жәрмеңкесі» ұлтымыздың өнер саңылақтары түлеп ұшқан өнер мектебі, тарихи мәдениет контексті екені анық. Мысалы, қазақ халқының атақты әншісі, сырнайшы Майра Уәлиқызының танымал болуына осы жәрмеңке себепкер. Қалибек Қуанышпаев көп күнге созылған жәрмеңкенің талай кештерінде дауысын бірде бала, бірде кемпір, бірде шал қылып құбылтып атын бүкіл қазаққа әйгілі етеді. Осының өзі қазақ театрының осы жерден бастау алғандығын көрсететін дәлелдердің бірі. Әсіресе, «Қоянды жәрмеңкесі» кейін қазақ өнерінің шоқ жұлдыздары атанған Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Иманжүсіп, Әбдінің Омары, Иса, Қажымұқан, Абай, Балуаншолак сияқты атақтыларды халыққа танытты. Мұнда біртуар талант иелері Майра, Әміре, Қали, Иса, Қажымұқан өнер көрсеткен.

Жәрмеңке қазақ даласының алғашқы сауда элитасын қалыптастырған. 1928 жылы жәрмеңкеде «Халық үйі» жұмыс істеп, мұнда қазақша спектакльдер қойылған. Оқу залының есебінде 3300 адам болған. Патша өкіметіне саяси қарсылық ретінде 14 мың адам қол қойған атақты «Қарқаралы петициясы» осы жәрмеңкеде туған (Аян Аден 3).

*2. Қазіргі мәдени ландшафтта XXI ғасыр сәулет туындылары табиғи ортамен үйлестіруге бағытталған тұжырымдамалар.*

Зерттеуде Қазақстандағы заманауи сәулет өнерінің даму бағыттарын айқындау мақсатында ұлттық қолөнердің тұжырымдамалық жүйелері талданды. Халықаралық сәулет теориясы негізінде табиғи ортамен үйлесімділікті көздейтін «сәулеттік бионика — қазақ үйі» тұжырымдамасы ұсынылды. Бұл тұжырымдама XXI ғасыр сәулетінің бионикалық қағидаларын қазақтың дәстүрлі сәулет тәжірибесімен сабақтастырып, әлемдік сәулетшілердің (Антонио Гауди, Отто Фрай, Хавьер Сеносян) бионикалық көзқарастарымен үндеседі.

Қазақ киіз үйі табиғатпен үйлесімді, мобильді әрі құрастырмалы құрылым ретінде сәулеттік биониканың прототипі болып табылады және оның қағидалары заманауи сәулеттік жобалауда өзектілігін сақтап келеді (3-сурет) (Дүйсебай 9).

Қоғамдық сананы жаңғырту және мәдениетті дәстүрге үйлестіре дамыту кезеңіндегі сәулеттік теория міндеті — әлемдік сәулет үрдістерін талдай отырып Қазақстан сәулет өнерінің даму векторларын анықтау (Омуралиев 132). Бұған көркем мәдениетті зерттеуге жаңаша тәсілдерді анықтау және постиндустриалды дамудың жаңа ғылыми



3 сурет. Табиғат аясындағы көшпенділер киіз үйі. Заманауи «бионикалық» сәулеттік үйлесімділік.

теориялары мен технологияларына сәйкес сәулет парадигмаларын жаңартудың рационалды механизмдерін негіздеу кіреді.

Қазіргі сәулеттік биониканың негізгі мақсаты – табиғат заңдылықтары мен заманауи технологияларды сәулеттік жобалауда үйлестіру. Бионика идеясының бастауында табиғат қағидаларын инженерлік шешімдерге алғаш енгізуге ұмтылған Леонардо да Винчи тұрса, кейін бұл бағыт әртүрлі теориялық тұжырымдамаларда дамыды. Отто Фрай бионикалық қағидаларды инженерлік құрылымдарда қолдануды негіздесе, Антонио Гауди сәулетті табиғаттың ажырамас бөлігі ретінде қарастырды. Ренцо Пиано жоғары технологиялар мен биониканы үйлестірсе, Заха Хадидтің жобалары биониканы заманауи сәулеттегі жаңа көркемдік дүниетаным деңгейіне көтерді (Лебедев 108-120).

Осы тұрғыдан алғанда, сәулеттік бионика қағидаларын табиғаттан бастау алатын дәстүрлі қазақ қолөнерінің көркемдік тілімен және ұлттық дүниетанымдық-эстетикалық мұрамен ұштастыру Қазақстанның заманауи ұлттық сәулет тілін жаңғыртудың тиімді тұжырымдамалық негізі бола алады.

*3. Қоғамның этномәдениет генезисі, дәстүрлі қолөнер эстетикалық тілі, мен заманауи сәулет өнері семантикасы сабақтастығы.*

Сәулеттік даму векторларын зерттеудің келесі құрамдас бөлігі – белгілі бір мәдени контекстке, яғни ұлттық бірегейліктің мәнін көрсететін мәдениет генезисіне негізделген бірегей этномәдени сәулет семантикасын құру. *Мұнда мәдениет генезисі рухани және материалдық мұраның сабақтастығын зерттейтін ғылым ретінде қабылданып, бізге этномәдени семантема жүйесі ретінде жаңа сәулеттік семантика құруға мүмкіндік береді.*

Қазіргі ғылымда мәдениеттің шығу тегін толық түсіндіретін бірыңғай теория қалыптаспаған. Дегенмен, мәдени сабақтастықты зерттеуде символикалық теория маңызды әдіснамалық негіз болып саналады. Эрнст Кассирер, Карл Юнг және Мартин Хайдеггер еңбектерінде мәдениет адамның рухани тәжірибесі мен дүниетанымын символдар арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін кодталған ақпарат жүйесі ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыда атап өтетін дерек, скиф қабірінен табылған қазақтың «қошқар мүйіз» ою-өрнегінің прототипімен безендірілген ат әбзелдерінің бөліктері. Бұл артефакт қазақ халқы тарихының бір бөлігі, рухани символы және символдар әлемін сақтап қалған халық шеберлерінің қолдарының жылуы, дәстүрлер сабақтастығы.

Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында ою-өрнек тек сәндік элемент емес, қорғаныштық және сакралды мағынаға ие мәдени символ ретінде қабылданған. Оның пішіні мен композициясы белгілі бір мазмұнды білдіріп, адам мен табиғаттың үйлесімін, рухани құндылықтарды және ұлттық дүниетанымды бейнелейтін көркемдік код қызметін атқарған.

Қазақ ою-өрнегінің этногенезінің өте маңызды аспектісі – халық шеберлері ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп, бізге бастапқы түрінде жеткен (2-сурет, «Сырмақ» киіз кілемі). Олар киіз үйлерді безендіретін киіз кілемдерде сақталған; тікелей прототиптері біздің эрамызға дейінгі бірінші мыңжылдықтағы сақ тайпаларымен байланысты дизайндар бар (4-сурет, Алтай, Пызырық қорғаны б.д.д.VII ғ.).

Қазақ мәдениетінің негізгі графикалық символы – «қошқар мүйіз» ою-өрнегі сақ-скиф дәуірінің «аң стилі» көркемдік дәстүрімен сабақтас. Мәдени генезистің символикасы тұрғысынан оның әртүрлі тарихи кезеңдерде семантикалық және графикалық тұтастығын сақтауы қазақ мәдениетінің сақ-скиф өркениетінен бастау алатын сабақтастығын айғақтайды (Дүйсебай 3-6).

*4. Қазақстанның қоныстану құрылымында сәулет өнері теорияларына сай білім, өндіріс және бизнесті біріктірудің сәулеттік моделі.*

Дәстүрлі мәдениет пен қолөнердің сақталуы мен сабақтастығында ауылдық



4 сурет. «Қошқар мүйіз» оюы. Алтай, Пызырық қорғаны б.д.д.VII ғ.

аймақтардың рөлі ерекше. Осыған байланысты зерттеуде ауылдық өңірлердегі халық кәсіпшілігі (ХК) өндірісінің ұйымдастырушылық құрылымын жетілдіру, оның функцияларын кеңейту және заманауи әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылыммен ықпалдастыру мәселелері қарастырылды.

Зерттеу Қазақстанның табиғи-ландшафтық әлеуетіне сүйене отырып, «ежелгіге оралу» тұжырымдамасы негізінде постиндустриялық және цифрлық технологиялармен үйлескен тұрақты аумақтық даму моделін ұсынады. Бұл тұжырымдама табиғи ортаға бейімделген көшпелі өркениет тәжірибесін қазіргі технологиялармен ұштастырып, автономды жаңа қоныстану жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Ұсынылған модельде ХК ОӨО мен ШОБ желісін ауыл шаруашылығы және климаттық ерекшеліктерді ескере отырып кешенді орналастыру көзделеді. Сонымен қатар, жаңа қоныстану ортасындағы сәулет ұлттық мәдени бірегейлікті бейнелейтін көркемдік семантикаға негізделіп, Қазақстанның заманауи мәдени келбетін айқындауы тиіс (Арынов 13-18).

Демек, көне сақ дәуірінен бастау алатын қазіргі қазақ халық ою-өрнегі, «аң стилі» туындыларының семантикасы – тарихи және этнографиялық дереккөз, негізгі этникалық идентификатор, мәдениетіміздің этногенезі кілті ретінде қазақ сәулет өнерінің семантикасын құрайды. Зерттеудің негізгі парадигмаларының бірі осы тұрғыдан бағаланатын сәулеттік семантиканың теориялық іденістері мен эмперикалық шешімдері туралы. Осы тұжырымға сай қабылданатын идея, ол болашақта қолөнершілер шеберханалары мен орталықтарының сәулеттік келбеттері ұлттық дүниетаным негізінде жобаланып арнайы ғимараттар тұрғызылуы заман талабы және қазақ мәдениетінің көрсеткіші.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, дәстүрлі мәдениет пен қолөнердің сақталуы көпшілік жағдайда ауыл тұрғындарының үлесіне тиеді. Осы қағидаға сүйене отырып, қоғамдық өндірістің аса маңызды кәсіпорындары орналасқан мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің өңірлік желілерін (облыстық, аудандық, шаруашылық аралық және экономикалық орталықтар) басқаратын қарапайым ауылдарда және ауыл тұрғындарының ауылдық орталықтарында ХК ОӨО және ШОБ орналастыру ұсынылады
(Arynov 2-7).

«Қазақстанның қоныстандыру құрылымында білім, өндіріс және бизнесті ықпалдастырудың жалпы теориялық моделі» жоспарында, бұл модельдегі ХК ОӨО негізгі ұйымдастырушылық-функционалды және желілік құрылымдары және олардың өндіріс және бизнеспен интеграциясы қарастырылған. Модельдің құрылымы шартты түрде келесі жүйелерден тұрады: шикізатты дайындау, халықтан қолөнер бұйымдарын жасауға тапсырыстар қабылдау, кадрларды даярлау және қалыптастыру, студенттердің ХК ОӨО-на келуін қамтамасыз ету, қолөнер бұйымдарын өндіру және сату (Арынов 38).

Нақты құрылысқа *жобалық ұсыныстар*, соның ішінде Қазақстан елді мекенінің географиялық-климаттық жағдайларын ескере отырып, функционалдық өзара байланысы бар, тығыз интеграцияға бейімделген әртүрлі типтегі ХК ОӨО мен бизнес орталықтарының аймақтанды-

рылған жоспарлары дайындалуда (Арынов 95).

ХҚ ОӨО мен бизнес орталықтарының жобаларында қазақ халқының жасанды тіршілік ортасын өзгермелі (мобильді) қағидаттар негізінде қалыптастыру, соның ішінде жылжымалы және құрастырмалы-жиналмалы сәулет құру өнерінің дәстүрлерін жаңғырту өзекті әрі заманауи бағыттардың бірі ретінде қарастырылады (Arynov 3-8).

Бабалар дүниетанымына негізделген дәстүрлі қолөнердің эстетикалық қағидаларын заманауи ұлттық тұрмыс пен сәулетте дамыту келесі бағыттарды қамтиды:

— ХҚ ОӨО сәулеттік семантикасы мен жобалау жүйесін қалыптастыру;

— көшпелі өркениеттің құрастырмалы-жинамалы киіз үй архитектоникасына негізделген мобильді кеңістіктік ортаны дамыту;

— кең аумақты тиімді игеруге бағытталған жәрмеңкелік кеңістіктерді ұйымдастырудың заманауи технологияларын енгізу;

— ұлттық мәдениетке негізделген өнер фестивальдерін, қолөнер көрмелерін және сауда кеңістіктерін кешенді ұйымдастыру;

— дәстүрлі қоғамдық тамақтану және сервистік инфрақұрылымды ұлттық мәдени ортаға кіріктіру;

— қолөнер бұйымдарын күнделікті тұрмыс пен заманауи өмір салтына кеңінен енгізу;

— сақ-скиф дәуірінің «аң стилі» көркемдік дәстүрін цифрлық дәуірдегі Қазақстан сәулетінің ұлттық семантикалық негізі ретінде пайдалану.

## Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде халықтың өмір сүру ортасы оның дүниетанымдық және мәдени құндылықтарымен тығыз байланысты екендігі анықталды. Бұл қағида Қазақстан сәулетінің ұлттық көркемдік семантикасын қалыптастырудың теориялық негізі ретінде айқындалды.

Қоянды жәрмеңкесі (1848—1930) ұлттық өнердің, тұрмыс мәдениетінің және кәсіпкерліктің тарихи орталығы ретінде феноменологиялық тұрғыдан талданып, оның кеңістіктік ұйымдасу ерекшеліктері заманауи сәулеттік биониканың ұлттық моделін әзірлеуге негіз болды (5 - 9-суреттер).

Зерттеу нәтижесінде тарихи дәстүрлерді постиндустриялық даму және цифрлық технологиялармен ықпалдастыруға негізделген жаңа қоныстану тұжырымдамасы ұсынылды. «Ежелгіге оралу» қағидатына сәйкес қалыптастырылған деурбанизация моделі автономды инженерлік жүйелері бар, табиғи ландшафтпен үйлескен және экологиялық тұрақты шағын елді мекендер желісін дамытуды көздейді. Ұсынылған модель жайылымдық мал шаруашылығына негізделген табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және тұрақты аумақтық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстанда ұлттық мәдениетті жаңғырту тұжырымдамасына негізделген, тұрмыс сапасының жоғары стандарттарына сай жасанды мекендеу ортасын қалыптастыруға арналған бірыңғай қоныстану үлгісінің сәулеттік-жоспарлау және жобалау бойынша эмпирикалық шешімдері ұсынылды. Жаңа Қазақстанда, ландшафтың биологиялық әлеуетіне сәйкес жерді кешенді игеру әдістері негізінде жаңа түрпаттағы ауылдардың бірыңғай шағын қоныстану желісімен біріктіру жүйесінің моделі жобаланған. Жаңа ауыл түрлерінің



5 сурет. Шағын ауылдың біркелкі қоныстану модулі.

